

**Мектепке  
дейінгі ұйымда  
оқыту  
технологиялар**

**Оқыту технологиялар** – бұл білімнің басымды мақсаттарымен біріктірілген пәндер мен әдістемелердің : оқу – тәрбие процесін ұйымдастырудың өзара ортақ тұжырымдамамен байланысқан міндеттерінің, мазмұнының , формалары мен әдістерінің күрделі және ашық жүйелері, мұнда әр позиция басқаларына әсер етіп, ақыр аяғында баланың дамуына жағымды жағдайлар жиынтығын құрайды

# Қазіргі таңда мектепке дейінгі білім беру мекемелерінде қолданылатын педагогикалық технологиялар

- ▶ **Ойын арқылы оқыту технологиясы**
- ▶ **Проблемалық оқыту технологиясы**
- ▶ **Өздігінен даму технологиясы**
- ▶ **Деңгейлеп саралап оқыту технологиясы-**
- ▶ **Модульдік оқыту технологиясы**
- ▶ **Дамыта оқыту технологиясы**
- ▶ **Тәй- тәй технологиясы**
- ▶ **Ақпараттық-коммуникативті технологиялар**

Педагогикалық технологияға анықтама берген ғалымдардың бірін атап өтсек те болады. Олар: В.П.Беспалько, В.М.Монахов, В.М.Кларин, П.И.Третьчиков, И.П.Сенновский, Г.А.Монахова, М.А.Чошанов т.б. өз еңбектерінде қарастырып өткен.

**Ойын арқылы оқыту технологиясының** мақсаты дидактикалық, тәрбиелік, дамытушылық, әлеуметтендірушілік мақсатқа жету. Ойын технологиясының ерекшелігі ойындық іс-әрекеттің психологиялық механизмі жеке бастың өзіндік талап-талғамдарына сүйенеді. Баланың бойындағы білімділік, танымдық, шығармашылық қасиеттерін аша түсуді көздейді. Ойын - балалар үшін оқу да, еңбек те. Ойын айналадағы дүниені танудың тәсілі. Сонымен қатар, ойын балаларға өмірде кездескен қиыншылықтарды жеңу жолын үйретіп қана қоймайды, олардың ұйымдастырушылық қабілеттерін де қалыптастырады.

Ойын-әлеуметтік қызмет. Ол баланың жасына қарай өзін қоршаған ортаны танып білуге күштарлығын арттырады.

**Проблемалық оқыту технологиясы-баланы** өз бетімен ізденуге үйрету, танымдық және шығармашылық қабілеттерін дамыту. Яғни, балалардың белсенділігі арттыру, оқу материалына баланы қызықтыратындай мәселе тудыру, бала материалды сезім мүшелері арқылы ғана қабылдап қоймайды, білімге деген қажеттілігін қанағаттандыру мақсатында меңгереді, бала оқытуды өмірмен және еңбегімен байланыстырады.

**Өздігінен даму технологиясы**-бұл баланы жан-жақты дамыту, дербестікке тәрбиелеу, бала санасында нәрселер әлемі мен ойлау әрекетінің бірігуі.мұнда оқыту бала дамуына сәйкес табиғи болуы керек, сонда ғана бала өзін дамыта алады.М.Монтесори педагогикасының түсіндіруінше баланың туғаннан азамат болғанға дейін барлық өмірі- оның еркіндігі мен дербестігінің дамуы болып табылады.

Бұл технологияның ерекшелігі оқытудың бірыңғай бағдарламасы болмайды, әркім табиғат берген даму жолымен жүреді. Балабақшада сабақ болмайды әр күн жалпы жиыннан басталады және жиыннан кейін әркім өз еркімен қалаған жұмысымен айналысады. Әр баланың іс-әрекеті өз еңбегіне орай үлкендердің басқа бала тарапынан бағаланады. Мұндағы басты мәселе бала өзін-өзі бағалайды.

**Деңгейлеп саралап оқыту технологиясы**-білім, білік, дағдыны меңгерту болып табылады. Әр баланы қабілеті мен мүмкіндік деңгейіне қарай оқыту, балалардың әр түрлі топ ерекшеліктеріне сәйкес оқытуды бейімдеу, ыңғайлау.

**Модульдік оқыту технологиясы**-оқытудың тұтас технологиясын жобалау, алға қойған мақсатқа жетуді көздейтін педагогикалық процесті ұйымдастыру, тәрбиешіге нәтижені талдап, түсіндіріп бере алатындай жүйені таңдау және құру. Балалармен жүргізілетін жұмыстарда кездесетін қиыншылықтардың алдын-алу және түзету жұмыстарының жүйесін құру.

**Тәй-тәй технологиясы** – балалардың шығармашылық және интеллектуалдық қабілеттерін дамыту болып табылады.

Міндеттері:

Оқыту мен тәрбиелеудегі жеке тұлға ретінде қарау;

Балалардың іс-әрекеттерді таңдау мүмкіндігі;

Белсенділік және дамытушылық орталықтардың жеткілікті болуы, сонымен қатар отбасының оқу-тәрбие ісіне қатысы;

Ұйымдастырылған оқу іс-әрекеттеріне шараларға бірлесіп қатысуы.

## Дамыта оқыту технологиясы

**Негізін салушылар мен зерттеушілер:** В.Давыдов, В.Занков, В.Эльконин, П.Эрдниев

**Мақсаты:** Баланың жалпы жан дүниесін және оның сезіміне әсер етіп логикалық ойлауын дамыту. Сөздік қоры мен сөйлеу мәдениетін қалыптастыру.

Дамыта оқытуда тәрбиешінің басты міндеті оқу материалдарын балаға дайын күйінде емес, баламен бірлесіп, жалпы іс-әрекетті ұйымдастыра отырып, алға қойған міндеттерді түсіндіру сөздік қоры мен тілдің арасындағы байланыстылыққа аса көңіл бөлу.

**Дамыта оқыту технологиясының балабақша жағдайында қолдануға болатын тиімді әдістері:**

- 1.Ой толғаныс әдісі
- 2.Ассоциация әдісі
- 3.Салыстыру әдісі
- 4.Раунд-Робин әдісі
- 5.Топтастыру әдісі

**Раунд-Робин әдісі.** Бұл әдіс өткен немесе жаңа тақырыпты бекіту үшін қолайлы тәсілдердің бірі. Мұнда әр бала берілген тақырып туралы не біледі. Бір сөйлем немесе сөз тіркесі арқылы бірінің айтқанын бірі қайталамай түгел айтып шығуы тиіс. Мыс:

«Гүлдер» тақырыбында

-Гүл өсімдік

-Гүл әдемі

-Гүлді жұлуға болмайды



**Инновациясық технология** - Инновациялық білім беру құралдарына: аудио-видео құралдар, компьютер, интерактивті тақта, интернет, компьютер – мультимедиялық құрал, электрондық оқулықтар мен оқу-әдістемелік кешен, инновациялық ақпараттық банк, инновациялық сайт және тағы басқалары жатады. Сондықтан да қазіргі таңда көптеген интерактивтік бағдарламалық бөлімдер, қозғалмалы объектілер құруға мүмкіндік беретін векторлық және графикалық жабдықтар көптеп шығып, қолданыс табуда. Осындай құралдардың бірі – мультимедиялық оқулықтарды балабақшада кеңінен пайдалану оқу іс-әрекеттерін жоғары дәрежеде жүзеге асыруға мүмкіндік туғызары анық. Бұл жағдайда тәрбиеші әр оқу іс-әрекеттерін өткізер алдында жиі-жиі көрнекіліктер ауыстырмаған болар еді. Ал мультимедиялық оқулықтар арқылы тәрбиеші уақытты тиімді және ұтымды пайдаланары айқын.

Қазіргі уақытта ақпараттық-коммуникативті технологиялар мектепке дейінгі жастағы балаларға білім берудің ең тиімді құралы болып келе жатыр. АКТ – бұл сандық және коммуникациялық технологиялардың кеңінен таралған түрлері. АКТ-ын пайдалану мектепке дейінгі жастағы балалардың сөйлеу әрекетінің мақсаттылығын дамытуға және жекелеп оқытуға мүмкіндік береді. Балабақша сабақтарында АКТ-ын пайдалану педагогқа бірден бірнеше педагогикалық міндеттерді орындауға мүмкіндік береді:

- ▶ фонематикалық есту қабілетін дамытады;
- ▶ лексикалық сөздік қорын дамытады;
- ▶ қарапайым сөйлеу дағдыларын дамытады.

## Қазіргі таңдағы білім беру инновациялық технология түрлері

- ▶ 1. Денсаулық сақтау технологиясы
- ▶ 2. Жобалы-іс шығармашылық технологиясы
- ▶ 3. Зайцев технологиясы
- ▶ 4. Әуенді кесте технологиясы
- ▶ 5. Ақпараттық қатынастық технология
- ▶ 6. ТРИЗ технологиясы

## Денсаулық сақтау технологиясы

### Денсаулық сақтау технологиясының негізгі мақсаты :

Баланың денсаулығын нығайтуға, білім дағдыларын қалыптастыруға бағытталған. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту ұйымдары баланың денсаулығы мен оның дене бітімінің қалыптасуына үлкен үлес қосады. Қазіргі таңда адамдардың даму жағдайында оның денсаулығын қалыптастыруда реттік жүйесіз мүмкін емес. Денсаулық сақтау педагогикалық технологиясы мына төмендегілермен тығыз байланыста болады:

- ▶ -Мектепке дейінгі мекемелермен;
- ▶ -Ондағы балалардың күнделікті қатынасуы;
- ▶ -Тәрбиешілердің жұмыс бағдарламасы;
- ▶ -Мектепке дейінгі ұйымдардағы іс-шаралар;
- ▶ -Педагогтың кәсібі күзінеттілігі;
- ▶ -Балалардың денсаулық көрсетілімі.

## **Жобалы-іс шығармашылық технологиясы**

Балабақшада баламен педагог бірлесіп жүргізеді. Яғни баланы тәрбиешімен бірге ізденуге, проблемелық іс-әрекетті жасай білуге үйрету, танымдық және шығармашылық қабілеттерін дамыту. Балалардың белсенділігін арттыру, оқу материалына баланы қызықтыратындай мәселе тудыру, бала материалды сезім мүшелері арқылы ғана қабылдап қоймайды, білімге деген қажеттілігін қанағаттандыру мақсатында меңгереді, бала оқытуды өмірмен және еңбегімен байланыстырады. Жобалар бөлінеді:

- ▶ **Қатысушылар санына қарай** : жеке, екі адам, топпен.
- ▶ **Ұзақтығына қарай**: қысқа мерзім, орта және ұзақ мерзімдік.
- ▶ **Әдіс түрлері**: шығармашылық, ойын, зерттеу, хабарлама

**Тақырып бойынша**: баланың отбасын қатыстыру, табиғат, қоғам т.б

## **Зайцев технологиясы**

Зайцев технологиясы бойынша оқыту бұл ойын арқылы оқыту.

- ▶ **Технологияның негізгі мақсаттары:**
- ▶ Мектепке дейінгі жастағы баланы санауға, оқуға үйрету;
- ▶ Балаларға оқыту мен санаудың қатар жүргізілуі арқылы дұрыс сөйлеу мәдениетін қалыптастыру;
- ▶ Бүктеу арқылы оқыту;
- ▶ Өлең айту арқылы оқыту;
- ▶ Балаларды оқу арқылы жазуға үйрету;
- ▶ Балалардың барлық есте сақтау түрлерін қолдану-дыбыстық, моторлық, кинестикалық, түстік дағдыларын қалыптастыру;
- ▶ Көрнекіліктерді кеңінен пайдалану;
- ▶ Баланың білімді барлық сезім мүшелерімен қабылдауы.

## **Әуенді кесте технологиясы**

«Әуенді кесте» технологиясы мектепке дейінгі (5-6,7 жастағы) ұйымдардың ересек және мектепалды дайындық топтарына сауат ашу және жазу негіздеріне арналған оқу құралы «Біз мектепке барамыз» бағдарламасы негізінде құрастырылған..

# ТРИЗ технологиясы

**ТРИЗ** — **дің мақсаты** — тек қана балалардың қиялын ғана емес, сонымен қатар шынайылықты түсініп жүйелі ойлауға, өзін — өзі тануға, қоршаған ортаның қиындығын байқауға және де өздерінің шағын қиындықтарын шешуге баулу болып табылады.

- ▶ **Тризшылардың ұраны** — “Барлығын айтуға болады!” Балалық шақтағы ТРИЗ-баланың ойлау процесімен, тілі, қиялы, есте сақтау қабілеті, зейінінің белсенді және бірлесіп дамуды тұспалдайтын ТРИЗ элементтерін және шығармашылық қиялды дамыту әдістері мен компьютерлік үйрету бағдарламаларын қолдану арқылы қоршаған орта туралы білімдерін кеңейтетін, игерген біліммен білікті өзіндік әрекет кезінде, көркем әдебиет, тілдік, ойын зерттеу, қатынас т.б әрекетте қолданатын адамның ойлауын дамытып тәрбиелеудің белгілі бір жүйесі.
- ▶ ТРИЗ (ӨТШТ) технологиясын өткен ғасырдың 70 жылдары Г.С. Альтшулер ойлап тапқан. Мектепке дейінгі балаларға бейімделген ТРИЗ (ӨТШТ) технологиясы баланы шығармашылық тапсырмаларды орындауға үйретеді және оның бойында шығармашылық қажеттіліктерді дамыта отырып, оның қызығушылығына сүйене отырып шығармашылыққа баулиды.



# **Монтессори технологиясы**

**Негізін қалаған:** М.Монтессори

**Мақсаты:** Балалардың қоршаған әлемге қызығушылығын туғызу және оны зерттеуге ұмтылдыру. Сауалдар қою және оларға жауап іздеу.

# Педагогикалық зерттеу әдістері

Мектепке дейінгі педагогика туғаннан 7 жасқа дейінгі балаларды қоғамдық тәрбие орындарында тәрбиелеу мен оқыту заңдылықтарын, әдіс – тәсілдерін қарастырып бағдарламасын жасайды, балалардың жасына қарай оның өзін екі кезеңге бөледі. Сол бөлінуіне сәйкес мектепке дейінгі кезеңнің алдындағы педагогика **мектепке дейінгі педагогика** деп аталады.

- ▶ **Мектеп педагогикасы** мектеп жасындағы балаларды оқыту, білім беру, тәрбиелеу, дамыту, қалыптастыру мәселелерін зерттейді.

- ▶ Педагогикалық зерттеу әдістері — бұл педагог-зерттеушілердің өз пәні жөніндегі білімдерді жинақтау және топтастыру үшін қолданатын жолдары мен тәсілдері. Әдістерді пайдалана отырып, зерттеуші тұлғаның тәрбие, оқу, білім, даму, қалыптасу үдерістері мен олардың нәтижелері жөніндегі деректерді қолына түсіреді. Білім топтастырудың көп әдістері бар. Олардың ішінде дәстүрлі (эмпирикалық) және жаңа (эксперименталды, теориялық) әдістер ажыралады.

# Педагогикалық зерттеу әдістері

- ▶ Бақылау
- ▶ Эксперимент
- ▶ Сұхбат
- ▶ Әңгімелесу
- ▶ Тест
- ▶ Сұрақ жауап

- ▶ Топтағы зерттеу жұмыстары
  - ▶ Балаларды зерттеу түрлері
    - ▶ Ата—аналармен сұхбат
- ▶ Әріптестермен сұрақ-жауап